

**Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 129 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қантарда № 3755 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 маусымдағы № 234 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 10.06.2015 № 234 шешімімен (алғашқы ресми жарияланган күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім ресми түрде жариялануға жатады және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрагасы  
Аудандық мәслихатының хатшысы

Г.Жұмабаева  
С.Салықбаев

Мұғалжар аудандық мәслихатының кезекті жиырмасынышы сессиясының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 129 шешімімен  
бекітілді

## **Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары**

1. Осы Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары (бұдан әрі–Қағидалар) 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 24) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі–Үлгілік қағидалар).

### **1. Жалпы ережелер**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Мұғалжар ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Ақтөбе облысының статистика органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсереле алмайтын ахуал;

7) уәкілдік орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілдік ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы"

Респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақтөбе облыстық филиалының Мұғалжар аудандық бөлімшесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Мұғалжар ауданында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

4. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына "Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен, Үлгілік қағидаларға және осы қағидаларда белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбелері болып табылады:

Женіс күні - 9 мамыр;

Балаларды қорғау күні - 1 маусым;

Мүгедектер күні - қазан айының екінші жексенбісі;

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері**

8. Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік-тұрмыстық қажеттілігіне, айна 8000 (сегіз мың) теңге мөлшерінде;

2) үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне бір мүгедек балаға айна 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) онкологиялық аурулардан зардап шегуші азаматтарға, ҚТВ инфекциясын жүккөрғандарға және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, ай сайын ұсынылатын медициналық мекемелермен берілген тізімдерге сәйкес, жылына 6 айға дейінгі амбулаториялық ем алу мерзіміне, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Ұлы Отан соғысина қатысушылары мен мүгедектеріне, I, II, III топтағы

мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедектерге және оларды ертіп жүруші тұлғаларға, облыстық денсаулық сақтау басқармасының жолдамасы бойынша емделуге төленетін жол шығындарын өтеу үшін.

**Ескерту. 8 тармақта өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 14.04.2014 № 153 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

9. Атаулы құндер мен мерекелік құндерге табыстарын есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

9 мамыр - Женіс құніне орай:

1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысуышыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

4) мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай әскери қызмет жасаған тыл ардагерлеріне, 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;

5) мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысуышылардың әйелдеріне (куйеулеріне), 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

6) қайтыс болған ауғандық жауынгерлерінің екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне, 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

7) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге, қазан айының екінші жексенбісі мүгедектер құніне орай 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

8) атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ішінде 18 жасқа дейінгі бала тәрбителіп отырған аз қамтылған отбасыларға, 1 маусым - Балаларды қорғау құніне орай 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде.

10. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қын жағдай туындаған кезде не оның мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде келтірілген шығындарға байланысты төмендегі мөлшерде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысуышылары мен мүгедектеріне 150 000 (жұз елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 100 000 (жұз мың) теңгеге дейінгі шекте;

3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 80 000 (сексен мың) теңгеге

дейінгі шекте;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

5) мүгедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

6) саяси қуғын-сұргін құрбандары, саяси қуғын-сұргіндерден зардал шеккен адамдарға 50 000 (елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

7) көп балалы отбасыларға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

8) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің түлектеріне 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

9) аз қамтылған азаматтарға 60 000 мың теңгеге дейінгі шекте;

10) онкологиялық аурулары бар, ҚТВ инфекциясын жүқтәрғандарға және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын азаматтарға, 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте;

11. Азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) Мұғалжар аудандық мәслихаты ең төмен құнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

12. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қыын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарau мерзімі:

өмірлік қыын жағдай туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

13. Өмірлік қыын жағдайлардағы азаматтарға, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтөбе облысы бойынша төменгі құнкөріс деңгейі мөлшерінен 1 еседен аспаса әлеуметтік көмек көрсетіледі (кірісі есептелмей әлеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысына қатысуышылар мен мүгедектерінен басқасы).

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмек олардың табысын есепке алмай көрсетіледі.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### 3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі

15. Атаулы күндер мен мерекелік күндері әлеуметтік көмек алушылардан өтініш талап етілмей, аудандық Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың не өзге де ұйымдардың ұсынысы бойынша, Мұғалжар аудандық әкімдігі бекіткен тізімі бойынша көрсетіледі.

Азаматтардың кейбір санаттарының әр түрлі атаулы күндер мен мерекелік күндері (санатына байланысты) әлеуметтік көмек алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмектің бір түрі көрсетіледі (көлемі бойынша үлкені).

**Ескерту. 15 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 24.12.2014 № 186 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілдегі органға немесе қалалық, селолық, ауыл округының әкіміне мынадай құжаттарды қоса жалғай отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігін растайтын құжат;
- 3) Үлгілік қағиданың № 1 қосымшасына сәйкес отбасы (азаматтың) құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отбасы мүшелерінің (азаматтың) табысы туралы мәліметтер;
- 5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актіні немесе құжаттар.

17. Осы Қағидалардың 8 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға ай сайынғы әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі, 2) және 4) тармақшалары бойынша өтініш жасаған адамдар өтінішке қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) әлеуметтік жағдайын растайтын құжат;
- 3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;
- 4) мүгедек баланы үйде оқитындығын растайтын анықтама (мүгедек балалар үшін);
- 5) психолого-медико-педагогикалық кеңестің қорытындысы (мүгедек балалар үшін);
- 6) жол жүру билеті;
- 7) облыстық денсаулық сактау басқармасының жолдамасы және дәрігерлік анықтама;
- 8) банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк лицензиясы бар ұйымдардағы немесе екінші деңгейлі банктардегі шоты.

18. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

19. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

20. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

21. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

22. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

24. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

25. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағидалардың 21 және 22 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете

отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

27. Белгіленген негізdemelerdің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

28. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін Мұғалжар ауданы мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

29. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemeler**

30. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы Мұғалжар ауданынан тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

31. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Қорытынды ереже**

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е - собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.